

"Қазпочта" ашық акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес сыртқы заем тартуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 30 желтоқсан N 1961

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

9 000 000 (тоғыз миллион) АҚШ доллары мөлшеріндегі негізгі борышты, сондай-ақ кепілдік берушінің төлеуіне жататын пайыздар мен өзге де төлемдерді қамтитын сомаға тартылып отырған мемлекеттік емес заем бойынша міндеттемелерді "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Заем алушы) орындауын қамтамасыз ету ретінде кредиторға "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті шегінде мемлекеттік кепілдік берсін; < * >

Қазақстан Республикасының көрсетілген мемлекеттік кепілдігінің берілуіне байланысты туындайтын Қазақстан Республикасының алдындағы оның міндеттемелерін қамтамасыз ету туралы Заем алушымен тиісті келісім жасассын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.14. N 492 қаулысымен

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.11. N 1614 қаулысымен

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.27. N 880 қаулысымен .

2. Заем алушы заңнамада Z990464_ , P971366_ белгіленген тәртіппен мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етсін .

3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.12.30. N 1963 қаулысымен .

4. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК